Лексикалық тақырып: **Қазақ халқының ырымдары, салт-дәстүрлері**

1-тапсырма. Мәтінді оқып, өзіңіз білетін ырымдар туралы қосымша ақпарат беріңіз. Мәтін соңындағы сөздіктерді дәптерге көшіріп жазыңыз.

Қазақ халқының ырымдары, салт-дәстүрлері

Қазақ халқы үшін *ай, күн, жұлдыз* тылсым дүние болған. Ерте заманнан ай киелі саналған, сондықтан да айды қолмен сілтеп көрсетпе деп тиым жасаған. Жаңа туған айға «Ай көрдім, аман көрдім, бұрынғыдай заман көрдім, ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деп арнайы сәлем беретін болған. Жаңа туған айға сәлем беру әлі де бар. Сондықтан киелі нәрсені саусақпен көрсетуге болмайды.

Қазақ халқы бас киімді аса қадірлеген. Бас киіммен ойнама. Бас киімді біреуге берме. Бас киімді аяқ астына тастама, бас киімді баспа. Бас адамның ең қадірлі мүшесі. Сол себепті басқа киетін киімді басу, ойнау жаман ырым болып есептелінеді. Егер бас киіміңді басқа адамға берсең бағың кетеді деп ырымдайды. Оның үстіне, бұл тазалықтың белгісі.

Үй айналма. Қазақтың киелі панасы өзінің үйі. Үйде ысқыруға, үйге қарай жүгіруге, үйге қарап дәрет сындыруға болмайды.Үйді жау шапқанда, адам не істерін білмегенде айналады. Ал бейбіт, бақытты өмір кезінде бұлай істеу сол жаманшылықтарды шақырады деп есептейді.

Босағаға сүйенбе, керме. Шаңырақ, босаға қазақ ұғымында киелі дүниелер. Халқымыз жақсы тілек тілегенде: «Шаңырағың биік, керегең кең, босағаң берік болсын!» - дейді. Келін түскенде «босағаны аттады» - дейді. Біріншіден, бұл босағаны қадірлеу болса, екіншіден босағаға сүйену, керу, жаман ырым саналады. Босаға қашанда ашық, еркін тұруы керек.

Сөздік

ырым - примета	тылсым дүние – потусторонний мир
ерте заманнан - издревле	киелі – святой, священный
тиым жасау – запрещать	есіркеу – сочувствие, жалеть
жарылқау – благодетельствовать	саусақпен көрсету – указывать пальцем
бас киім – головной убор	аяқ асты – под ноги
жаман ырым – плохая примета	ысқыру – свистеть
жау шабу – нашествие врага	жаманшылық – зло
босаға - порог	керу – тянуть, растягивать

2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға нақты жауап беріңіз.

1. Айды не себептен қолмен көрсетуге болмайды?
2. Айға қатысты тағы қандай ырымдарды білесіз?
3. Бас киімге қатысты ырымдарды қалай түсіндіресіз?
4. Үйге, шаңыраққа қатысты қандай ырымдар білесіз?
3. Ырымдардың себебін жазыңыз.

3-тапсырма. «Менің туған өлкем» тақырыбында өзіңіздің туған жеріңіз, өлкеңіз туралы шағын эссе жазыңыз.